

Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 13 тамыздағы № 327 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 тамызда № 23994 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Экология кодексі 406-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 69) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Мыналардың:

1) "Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 202 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10928 болып тіркелген).

2) "Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 202 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 437

бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16310 болып тіркелген күші жойылды деп танылсын).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрінің м.а.

A. Примкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 13 тамыздағы
№ 327 бұйрығына
қосымша

Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Экология кодексі 406-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 69) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттары - халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы.

3. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттараты төтенше экологиялық ахуал немесе экологиялық зілзала аймақтарын анықтау кезінде пайдаланылады.

4. Төтенше экологиялық жағдай аймағын немесе экологиялық зілзала аймағын анықтау қолайсыз экологиялық ахуалдың неғұрлым жоғары дәрежесін көрсететін бір немесе бірнеше негізгі және қосымша көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

5. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттараты халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйін анықтаудың өзге де мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

2-тaraу. Селитебтік аумақтар ауасының ластануын бағалау өлшемшарттараты

6. Ауа бассейні ластануының қолайсыз әсері ықтимал экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарын зерттеу кезінде ластанған ауамен тікелей байланыс нәтижесіндегі және/немесе атмосферадан ластаушы заттардың түсі және су мен топырақтың қайталама ластануының нәтижесіндегі теріс әсері ескеріледі.

7. Жеке жергілікті көздерден ластаушы заттардың шоғырлануы қоспалардың бытырау және түсү процестерінің нәтижесінде арақашықтықпен төмендейді. Ең көп шоғырланулар құбырдың көзден шамамен 20 биіктігінің арақашықтығында белгіленеді. Осындағы көздерден адам денсаулығы үшін қауіпті шоғырланулар, 10-100 км² аспайтын ауданда байқалады. Адаммен салыстырғанда атмосфераның ластануына сезімталдығы бірнеше есе жоғары болатын қылқан жапырақты ормандар үшін өсімдіктің закымдану алаңы 100-1000 км² дейін жетеді.

8. Атмосфералық ауа ластануының дәрежесі қауіптілік сыныбын, ауа ластануларының биологиялық іс-әрекетінің сомалануын және жол берілетін шекті шоғырлану (бұдан әрі - ЖШШ) асуларының жиілігін ескере отырып, ЖШШ асуының еселігі бойынша белгіленеді.

9. Ауаның ластану дәрежесін бағалау үшін соңғы бірнеше жылдар бойы, бірақ кемінде 2 жыл іс жүзіндегі ең көп бір жолғы және орташа тәуліктік шоғырланулар пайдаланылады.

10. Өлшеулердің нәтижелері әрбір қадағалау бекеті, заты және жылы бойынша бөлек өндөледі. Әрбір зат бойынша кемінде 200 қадағалау (сынама) жүзеге асырылады:

1) орташа тәуліктік шоғырланулар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау:

ластану дәрежесін бағалау үшін бірдей уақыт аралығы арқылы 24 сағат ішінде үзіліссіз аспирация немесе ең аз дегенде тәулігіне 4 рет үзілісті аспирация жолымен алынған орташа тәуліктік сынамалар пайдаланылады. Орташа тәуліктік сынамалардан алынған барлық шоғырланулар талданады.

Әрбір орташа тәуліктік шоғырлану үшін асудың еселігі "Е" есептеледі. Сарапталған кезең (жыл) ішінде "Е" көрсеткіші бойынша есептелген қатар осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес орташа тәуліктік шоғырланулар бойынша атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау өлшемшарттарын сәйкес бағаланады.

Сомалау әсері бар заттар комбинациясы болған кезде келтірілген (бұдан әрі - Отс бол.) орташа тәуліктік шоғырлануы (1.1) формуламен есептеледі. Бағалау Отс бол. бойынша жүргізіледі.

Көрсетілген өлшемшарттарын ескере отырып, атмосфера ластануының барлық түрлері бойынша материалдар қаралады, олардың негізінде аумақты осы немесе өзге аймаққа жатқызудың сараптамалық бағасы жасалады;

2) барынша көп-бір жолғы (бір жолғы) шоғырланулар бойынша атмосфералық ауаның ластануын бағалау.

Өлшеулер нәтижелерін бағалаудың сенімділігін арттыру және кездейсоқ шамаларды алып тастау үшін материалды статистикалық өндөу пайдаланылады, ол шоғырланулар вариацияларын ескере отырып, оның сондай мәнін алуға мүмкіндік береді, ол 95% жағдайда есепті шоғырланудың деңгейінде немесе төмен болады (О95).

Асудың еселілігі (Е) (1.1) формуласы бойынша есептеледі:

$$E = O_{95}/ЖШШ \quad (1.1)$$

Мұнда:

Е - асудың еселілігі;

О95-95% жағдайда мән есепті шоғырланудың деңгейінде немесе төмен болады.

ЖШШ-ж.б. - ең жоғарғы жол берілетін шекті шоғырлану.

Атмосфералық ауада биологиялық іс-әрекет сомасының әсері бар заттар болған жағдайда (1.2) формуласы бойынша сомаланған заттардың біреуіне келтірілген шоғырлану (О95бол) есептеледі:

$$O95\text{бол} = O1 + O2 * ЖШШ1/ЖШШ2 + O3 * ЖШШ1/ЖШШ3 + .. + O_n * ЖШШ1/ЖШШn \quad (1.2)$$

Мұнда:

O1, O2-сомалау әсері бар ластаушы заттардың шоғырлануы;

ЖШШ-жол берілетін шекті шоғырлану;

O95бол - сомаланған заттардың біреуіне келтірілген шоғырлану.

Сомаланатын заттардың комбинациясы үшін атмосфералық ауаның ластану дәрежесін бағалау келтірілген шоғырлану бойынша жүргізіледі. Осында заттардың сомасын қауіптіліктің неғұрлым қолайсыз сыныбы бар заттарға келтіріледі.

Атмосфералық ауаның бенз/а/пиренмен (бұдан әрі - БАП) ластануының тек қана өнеркәсіптік кәсіпорындар аумақтарында жетекші мәні бар болуы мүмкін, олар үшін

БАП шығарындының бірден бір жетекші құрауышы болып табылады (анод зауыттары, алюминий өнеркәсібі, кокс-пек өнеркәсібі және басқалары).

Көрсетілген өлшемшарттар бойынша ластану асып кеткен кезде өлшенген заттар бойынша бір уақытта заттардың физикалық-химиялық қасиеттері туралы деректер осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес атмосфералық ауаның ластану дәрежесінің бағасына сәйкес ұсынылады;

3) кешенді көрсеткіш бойынша атмосфералық ауаның орташа жылдық ластануын бағалау.

Атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың орташа жылдық шоғырланулары есептеледі немесе қалалар мен өнеркәсіптік орталықтар ауасының ластануының жай-күйі туралы бірнеше жылға, бірақ екі жылдан кем емес деректер пайдаланылады.

Ауа ластануының дәрежесі заттың орташа жылдық ЖШШ асу еселілігін, олардың қауіптілік сыныбын, берілген деңгей шоғырлануларының рұқсат етілген қайталануын, ауада бір уақытта болатын заттардың санын және олардың комбинацияланған іс-әрекетінің коэффициентін ескере отырып, есептеледі.

ЖШШж орташа жылдық мәндері (1.3) формуласы бойынша есептеледі:

ЖШШ ж=аЖШШ от (1.3)

мұнда:

ЖШШж - орташа жылдық жол берілетін шекті шоғырлану;

ЖШШот - орташа тәуліктік жол берілетін шекті шоғырлану; "а" коэффициенттерінің әртүрлі заттар үшін мәні осы өлшемшарттарға 3-қосымшада келтірілген.

Ауаның әртүрлі сыныптағы қауіптілік заттарымен ластануының дәрежесі ЖШШ бойынша нормаланған олардың шоғырлануларын қауіптіліктің 3-сыныбы заттарының шоғырлануына" "келтірумен" мына формулаға сәйкес анықталады:

ШЗсын = Шjn (1.4)

мұнда:

ШЗсын – ауаның заттармен ластану дәрежесі;

n-изотиімділік коэффициенті;

j-қауіптілік сыныбы ($j=1$ үшін $n=2,3$; $j=2$ үшін $n=1,3$, $j=4$ үшін $n=0,87$). ЖШШ бойынша нормаланған шоғырланулар шамасы 1-сынып үшін 2,5-тен жоғары, 2-сынып үшін 5-тен жоғары, 3-сынып үшін 8-ден жоғары, 4-сынып үшін 11-ден жоғары, 3-сыныпқа "келтіру" болған кезде ЖШШ бойынша нормаланған шоғырланулар мәндерін тиісінше 3,2; 1,6; 1 және 0,7 көбейту жолымен жүзеге асырылады).

Атмосфералық ауа қауіптіліктің әртүрлі сыныптарына жататын заттармен ластанған болса, кешенді көрсеткіштің есебі "Е" жүргізіледі.

Кешенді көрсеткіш есебі Е мына формула бойынша жүргізіледі (1.5):

$E = \text{Sqrt}(\text{Sum}(K^{2j}))$ (1.5)

мұнда:

Sqrt (Sum(K²j)) - З-сыныптың заттарын осындай шоғырлануларға әкелген ЖШШ бойынша нормаланған шоғырланулар квадраттардың сомаларынан квадратты түбір; J - заттың нөмірі.

11. Е кешенді көрсеткіш бойынша атмосфералық ауаның отраша жылдық ластануын бағалау үшін кешенді көрсеткіш бойынша атмосфералық ауаның жиынтық ластану дәрежесін бағалау осы өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

12. Егер кешенді көрсеткіште заттардың кез келгенінде бір зат үшін көрсеткіштің шамасынан асатын мән болса, онда мұндай жағдайда ластанудың дәрежесін бағалау осы зат бойынша да жүзеге асырылады.

3-тaraу. Орталықтандырылған сумен жабдықтаудың ауыз суымен байланысты санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын бағалау

13. Санитариялық-эпидемиологиялық қолайсыздықтың дәрежесі туралы қорытынды бір жылдан кем емес кезең ішінде негізгі көрсеткіштердің қолайсызы мәндерінің тұрақты сақталуы негізінде жасалды.

Нормадан ауытқу бірнеше өлшемшарттар бойынша байқалуы мүмкін, су көздерінің және ауыз судың патогенді микроорганизмдермен және паразитті аурулар қоздырғыштарымен, сондай-ақ ерекше уытты (төтенше қауіпті) заттармен ластану жағдайларын қоспағанда, қолайсыздық туралы қорытынды бір өлшемшарт негізінде жасалуы мүмкін болғанда. Су көздерінің және ауыз судың қауіптіліктің үшінші және төртінші сыныптарына жатқызылған заттармен ластануын сипаттайтын көрсеткіштер, сондай-ақ судың физикалық-химиялық қасиеттері және органолептикалық сипаттамалары қосымшаларға жатады. Қосымша көрсеткіштер негізгі көрсеткіштер бойынша анықталған су көздерінің антропогенді үдемелі ластануының дәрежесін растау үшін осы өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес пайдаланылады.

4-тaraу. Елді мекендер топырағының ластануын бағалау өлшемшарттары

14. Селитебтік аумақтар топырағының радиоактивті ластануын экологиялық бағалау мына негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: топырақтың беткі қабатының 1 метр деңгейінде эквиваленттік қуаттылық дозасы (сағатына микрозиверт - мкЗв/сағ) және жеке техногендік (жасанды радионуклидтер) радиоизотоптар бойынша радиоактивті ластану дәрежелері (шаршы метрге килобеккерель - кБк/м²).

15. Топырақтың химиялық ластануы химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші бойынша (Zc) бағаланады. Химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші (Zc) қауіптілігі әртүрлі сыныптағы зерттелетін аумақтар топырағының химиялық ластану дәрежесін сипаттайды және мына формула бойынша анықталады:

$$Zc = Sh_1 + \dots + Sh_{n-1}, \quad (1.6)$$

мұнда:

Zc – химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші;

n - анықталатын элементтердің саны;

Шсі - ауыр металдар үшін ластанған және "аялық" топырақтағы і-заттың жалпы үлесін бөлуден болған жекеге тең і-ластаушы құрауыш шоғырлануының коэффициенті.

16. Шығу тегі табиғи емес ластаушы заттар үшін шоғырлану коэффициенті ластаушы заттың жалпы үлесін және оның ЖШШ бөлуден болған жеке ретінде анықтайды. Селитебтік аумақтар топырағының экологиялық жай-күйінің қосымша көрсеткіштеріне осы өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес елді мекендер топырағының санитариялық-эпидемиологиялық ахуалын бағалау үшін көрсеткіштерде көрсетілген геноуыттылық және биологиялық ластану көрсеткіштері (патогенді микроорганизмдер саны, коли-титр және құрамында гельминт жұмыртқаларының бар болуы) жатады.

5-тарау. Аумақтың радиациялық ластануын бағалау өлшемшарттары

17. Ластанған аумақта тұратын адамның радиоэкологиялық қауіпсіздігінің дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемшарт – иондаушы сәулелердің техногендік көздерінен шығатын тиімді дозаның орташа жылдық мәні. Табиғи және медициналық сәулелер дозаларына, сондай-ақ радиациялық авариялар салдары дозаларына арнайы шектеулер қойылады.

Аумақтың радиациялық ластануын бағалау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бүйрүғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтеріне 16-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 123 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

18. Тиімді дозаның бірлігі зиверт (Зв) болып табылады. Халықаралық радиациялық қорғау жөніндегі комиссия халықтың сәуле алу дозасының шегі ретінде-жылына 1 мЗв/жыл тең мөлшерді (жылына милизиверт) (жылына 0,1 бэр) ұсынған.

Олардың шегінде адамның техногендік радионуклидтерден тиімді сәуле алу дозасының орташа жылдық мәндері 1 мЗв-тен аспайтын аумақтар экологиялық жағдайы қанағаттанарлық, тиімді сәуле алу дозасының орташа жылдық мәндері 1 мЗв-тен 5 мЗв-ке дейінгі аумақтар төтенше экологиялық жағдай аумақтарына және 5 мЗв жоғары - экологиялық зілзала аумақтарына жатқызылады.

6-тарау. Табиғи орта өзгеруінің бағалау өлшемшарттары

19. Табиғи орта өзгеруінің өлшемшарттары келесі көрсеткіштер:

1) осы өлшемшарттарға 7-қосымшаға сәйкес жер бетіндегі өсімдік пен су экожүйелеріне әсер ететін заттар бойынша атмосфералық ауаның ластануын бағалау үшін.

Табиғи ортаға (өсімдік, топырақ, жерусті және жерасты сулары) әсерді сипаттайтын атмосфералық ауаның ластануының негізгі көрсеткіштері ластаушы заттардың сыни жүктемелері мен сыни денгейлері болып табылады. Олар деп тұсулердің барынша көп мәні немесе тиісінше, атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың шоғырланулары түсініледі, олар ұзақ мерзімді жоспарда экожүйенің құрылымдары мен функцияларына зиянды әсерлерге әкеліп соқпайды.

Экологиялық зілзала аймақтарын бөліп көрсету үшін өлшемшарттар экожүйелердің сезімталдығына байланысты әртүрлі ингредиенттер үшін және ауыспалы денгейлердің және жүктемелердің 10-15 есе артуына қызмет етуі мүмкін.

Табиғи ортаның жай-қүйін бағалау үшін атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың шоғырлануларының өлшенген мәндерін немесе тұсулердің үдемелілігінің өлшенген мәндерін U кестенің тиісті деректерімен салыстырған жөн. Қышқыл түзетін заттар үшін өлшенген мөлшер U мына қатынас бойынша күшті қышқыл сомалар бөлігінің залалсыздандырылмаған үлесінің мәніне түзетілуі тиіс:

$$L=DU,$$

мұнда:

L - сыни жүктемелерімен салыстырылатын атмосфералық жүктемелердің мәні;

D егер,


$$0 < R < 1 \text{ кезінде } D = 1 - R$$

$$R > 1 \text{ кезінде } D = 0$$


ретінде анықталады.

мұнда:

D = A/K аниондардың молярлық шоғырланулар сомасының қатысы.



катиондардың молярлық шоғырлануларының сомасында



2) осы өлшемшарттары 8-қосымшаға сәйкес жерусті суларының химиялық ластануының дәрежесін бағалау үшін.

Жерүсті суларының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіштері ретінде уытты, басымды ластаушы заттар, оның ішінде гидробионттардың органдары мен талшықтарында жиналатын кумулятивтік қасиеттері бағалаудың алынды.

Су объектілері ластануының қауіпті деңгейін жиынтық бағалау үшін төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарын бөлген кезде химиялық ластанудың қағаз жүзіндегі жиынтық көрсеткішін ХЛК (10) пайдаланады. Химиялық ластанудың жиынтық көрсеткіші ХЛИ (10) бірнеше заттар бойынша, олардың әрбірі бірнеше рет рұқсат етілген деңгейден асатын (ЖШШ), химиялық заттарда бірден байқалатын аумақтар үшін ете қажет.

Қосымша көрсеткіштерге судың құрамы мен сапасын жалпы сипаттайтын жалпы қабылданған физикалық-химиялық және биологиялық сипаттамалар енгізілген. Бұл көрсеткіштер су объектілерінде болатын процестердің қосымша сипаттамасы үшін пайдаланылады. Қосымша сипаттамаларға ластаушы заттардың түптік шөгінділерде дондық аккумуляция коэффициенті және гидробионттарда (Kn) жинақталу қабілетін ескеретін көрсеткіштер енгізілген.

Аймақтарды бөліп көрсету үшін ұсынылған көрсеткіштер параметрлері 3 жылдан кем емес барынша аз кезенде тұрақты жеткілікті ұзақ уақыт кезеңінде осы аумақта байқалуға тиіс. Сладечек түріндегі Пантле мен Буку бойынша сапробностардың индекстерін пайдаланған кезде түрлердің индикаторлық мәндері әртүрлі климаттық аймақтарда әртүрлі болады. Вудивистің биотикалық индексін қолданған кезде өнірлік ерекшеліктер ескеріледі, ал "таксономикалық топтардың" салмақтық мәндері әртүрлі өнірлерде су объектілерінің жай-күйіне байланысты болады.

Су экожүйелерінің жай-күйін бағалаған кезде ихтиофауна бойынша, әсіресе, бірегей, ерекше қорғалатын су объектілері мен бірінші және жоғары балық шаруашылығы санатындағы су қоймалары үшін көрсеткіштер маңызды болып табылады.

Міндетті тізбеге кірмеген, бірақ су экожүйелерінің жай-күйін неғұрлым толық сипаттау үшін қажетті мәліметтер беретін кез келген қосымша көрсеткіштерді пайдаланады. Планктонды және түпкі жануарлардың қоғамдастығы жай-күйін қорытынды бағалау ретінде осындай көрсеткішті пайдалану барлық оның құрамына кіретін (Pb) жануарларға айырбастау жиынтық шығындарына қоғамдастық (Pb) өнімінің қатынасы ретінде жоққа шығарылмайды. Бұл көрсеткіш жүйеден (жануарлар қоғамдастығы) шығар кездегі пайдалы энергия мен жылу түріндегі жануарлардың алмасу процестерінде шашқан энергия арасындағы қатынас ретінде анықталады;

3) осы өлшемшарттарға 9-қосымшада көрсетілген су экожүйелерінің жай-күйін бағалау үшін;

4) осы өлшемшарттарға 10-қосымшада көрсетілген су ресурстарының сарқылуын бағалау үшін.

Жерүсті ағындысын қайтарымсыз алу нормасы су ресурстарының сарқылу дәрежесін бағалаудың негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Нормага табиғи ағынды судың орташа көпжылдық мәнінің 30%-ын құрайтын жерүсті ағындысын қайтарымсыз алудың жол берілетін шекті мөлшері қабылданған. Жерүсті ағындысын қайтарымсыз алу булануға жұмсалатын шығынды, бассейнаралық өзен ағындысының бұруын және басқаларды ескере отырып, коммуналдық шаруашылықта, өнеркәсіпте, жылу энергетикасында, ауыл шаруашылығын сумен жабдықтауда, суармалауда және басқа да өнеркәсіптік балық шаруашылығында қайтарымсыз су тұтынуды қамтиды. Ағындыны қайтарымсыз алудың мөлшерін бағалау өзендердің су шаруашылығы участкесінің тұйықталатын тұстамалары үшін жүргізіледі. Жерүсті ағындысын алудың жол берілетін шекті рұқсат етілетін нормалары арнайы зерттеуден кейін мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы бар болғанда оларды пайдалану мүмкін болатын кіші су объектілерін қоспағанда, су экожүйелерінің экологиялық орнықты жай-күйін сақтау мақсатында белгіленеді;

5) осы өлшемшарттарға 11-қосымшада көрсетілген теңіз акваторияларының экологиялық жай-күйін бағалау үшін.

Теңіз акваториялары үшін төтенше экологиялық жағдай аймақтарын және экологиялық зілзала аймақтарын айқындау көпжылдық қадағалаулар нәтижелерін қорыту және жинақтау негізінде негізгі химиялық және биологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Теңіз суларының химиялық ластануының қауіпті деңгейін жиынтық бағалау үшін ЖШШ асып түсетін шоғырлануларда бірнеше ластаушы заттарды анықтаған жағдайда тұшы су үшін сияқты, ХЛК(10) (ластаушы заттардың ЖШШ асуы бойынша басым 10-нан) - химиялық ластанудың қағаз жүзіндегі жиынтық көрсеткішін қолдану ұсынылады. Бұл көрсеткіш төтенше экологиялық жағдай аймақтарын және экологиялық зілзала аймақтарын айқындаған жағдайда қолданылады. Химиялық ластану бойынша қосымша көрсеткіштерге ОБТ-5 және ерітілген оттегі жатқызылған. Төтенше экологиялық жағдайды биологиялық көрсеткіштері бойынша бағалау үшін бактерио-, фито- және зоопланктон, бентос және ихтиофаяналар, сондай-ақ жеке таксондар және гидробионттар түрлерінің құрылымдық және функционалдық сипаттамалары пайдаланылады.

Теңіз экожүйесіндегі экологиялық зілзала қоғамдастықтардың құрамында әлі қалған түрлерінің саны мен биомассасының күрт өзгеруімен, ал теңіз акваторияларының эвтрофикациясы кезінде - балдырлардың күшті "гүлденуімен" (мысалы, "қызыл толулар"), түптік флора мен фаунаның жоғалуымен, индикаторлық микроорганизмдер шоғырлануының күрт артуымен сипатталады. Теңіз экожүйелерінің жай-күйін бағалаудың қосымша биологиялық көрсеткіштеріне "гидробионттардың морфологиялық өзгерістері" көрсеткіші жатады.

Көрсеткіштердің негізгі тізбесіне кірмеген, бірақ қолайсыз жағдайдың сипаты, себептері мен дәрежесі туралы қосымша мәліметтер беретін кез келген көрсеткіштер пайдаланылады, оның санына мыналар жатқызылған:

теңіз сулары мен су түбіндегі шөгінділердің тест-объектілерде мутагендік әсері бар заттармен ластануын біріктірілген бағалау (микроорганизмдердің стандартты штамдары). Мутагендік әсер стандартты штамдардың мутацияларын тудыратын сынамалардың пайызында көрінеді. Салыстырмалы қанағаттанарлық жағдай кемінде 5% деңгеймен сипатталады. Төтенше экологиялық жағдай - 20-30%, экологиялық зілзала - 30%-дан астам. Су түбіндегі шөгінділердің мутагендік белсенділік қосылыстарымен ластануын бағалау акваторияларындағы экологиялық жағдайдың ұзақтығын көрсетеді.

ластаушы заттар әсерінің сыни шоғырланулары (СШ). СШ мәндері су ортасының уытты заттармен ластауының барынша жол берілген деңгейін (мкг/л) сипаттайды. Төтенше экологиялық жағдай кезінде теңіз экожүйелерінің қызметіндегі өзгерістер әлі қайтарымды болған кезінде СШ 1-ден 2 дейін болады.

Теңіз экожүйесінің күрт тозуын білдіретін экологиялық зілзала кезінде СШ 2-3-тен астам болады;

6) осы өлшемшарттарға 12-қосымшада көрсетілген шаруашылық объектілердің участеклері үшін жерасты суларының ластану дәрежесін бағалау үшін.

Шаруашылық объектілер әсер ететін аймақтардың участеклеріндегі жерасты суларының ластануы ластаушы заттардың шоғырлануымен және ластану аясындағы ауданның мөлшерімен сипатталады;

7) осы өлшемшарттарға 13-қосымшада көрсетілген топырақтың жай-күйін бағалау үшін.

Топырақтың жай-күйін экологиялық бағалау өлшемшарттарын таңдау олардың орналасқан орнының ерекшеліктерімен, генезисімен, буферлігімен, сондай-ақ оларды пайдаланудың алуан түрлілігімен анықталады. Топырақтың ластануын тудыратын қызметтің түрлерін анықтау зерттелетін аумақтағы ластанудың ауқымы мен дәрежесі туралы толық көрініс береді және көрсеткіштер санын едәуір тарылтуға және нақтылауға мүмкіндік береді.

Топырақтың экологиялық жай-күйін бағалауда экологиялық қолайсыздық дәрежесінің негізгі көрсеткіштері физикалық тозу, химиялық және биологиялық ластану өлшемшарттары болып табылады.

Аумақтың экологиялық жай-күйінің өлшемшарты ретінде топырақ тозуының нәтижесінде (эрозия, дефляция, қайталама сортандалу, сортандалу, шел қабықтану) пайдаланылатын жерден шығарылған алқаптардың ауданын пайдаланылады. Қолайсыз процестердің бірқатары (пайдалы қазбаларды ашиқ өндіру, құрылыш жұмыстары кезінде топырақтың жамылғысын механикалық жою; адам жасаған су эрозиясы және дефляциясы) оның дәрежесі топырақтың тозу өлшемшарты ретінде пайдаланған топырақ көкжиектерін бұзуға әкеліп соғады. Топырақ құрылымының бұзылуы және қосылу процестерінің дамуы топырақ тозуының маңызды көрсеткіштері болып табылатын топырақ тығыздығының ұлғаю дәрежесімен сипатталады. Жер астындағы

сулар деңгейінің ұлғаюын топырақтың әрбір типі үшін әртүрлі сыни мәніне қатысты бағалау ұсынылады. Топырақтың экологиялық уыттылылығын бағалау үшін қауіптіліктің әртүрлі сыйыптағы заттары үшін сараланған түрде нақты ластаушы заттардың ЖШШ асу еселігін пайдалану орынды. Бірқатар ластаушы заттар үшін ЖШШ бекітілген мәнінің болмауына байланысты (мысалы, кадмий үшін) табиғи сулар үшін ЖШШ тиісті шамасына топырақтың (топырак қоспасы) сұйық фазасындағы ластаушы заттардың бар болуына қатынасын пайдаланылады.

Топырақ ластануының кешенді көрсеткіші ретінде фитоуыттылықты жоғары өсімдіктер ұрықтарының өсіп шығуын, есуін және дамуын басатын ластанған топырақтың қасиеті қабылданады (тесттік көрсеткіш). Топырақтың биологиялық тозууының белгісі топырақтың микроорганизмдері өміршеніндігінің төмендеуі болып табылады, ол туралы белсенді микробты биомасса деңгейінің төмендеуі бойынша, сондай-ақ неғұрлым таратылған, бірақ сонша нақты емес көрсеткіш - топырақтың тыныс алуы бойынша айтуға болады. Топырақтың экологиялық жай-күйін бағалау өлшемшарттары және параметрлер негізінде олардың маңыздылығы өнірлік ерекшеліктермен анықталатын қарастырылатын өлшемшарттың байқалу ауданын ескере отырып жүргізіледі. Топырақтағы ластаушы заттардың жол берілетін шекті нормалардан асудың еселігін, ең алдымен, осы заттардың жылжымалы нысандары бойынша бағалаған жөн.

Топырақтың экологиялық жай-күйі көрсеткіштерінің бірі әлеуетті құнарлылықты сипаттайтын ценоздардың биологиялық өнімділігі болып табылады. Ауыл шаруашылығы аумактарының топырақтары үшін мұндай көрсеткіш - орташа өнімділік. Осы жергілікті жер және дәнді-дақыл үшін барлық агротехникалық және агрохимиялық іс-шаралар кешенінің сәйкестігі кезінде төтенше экологиялық зілзала аумағы үшін өнімділіктің түсүін 75%-дан астамға төтенше экологиялық жағдай аумағы үшін 50-75% қабылданады. Қаралатын аумак (топырак, ауа, суармалы және жер астындағы сулар) ластануының дәрежесі индикаторының қосымша көрсеткіштері өнім сапасына нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін өнім үлесі болып табылады (пестицидтердің, уытты элементтердің, микотоксиндердің, нитраттардың, нитриттердің және т.б. қалдық саны).

Топырақтардың жай-күйі туралы деректерді ластаушы заттардың негізгі көрсеткіштері және құрамдас бөлігінің құрамы бойынша ақпаратты қамтитын толық тақырыптық картографиялық материалдар түрінде ұсынылады;

8) осы өлшемшарттарға 14-қосымшада көрсетілген геологиялық орта бұзылуының және өзгеруінің экологиялық қауіптілігін бағалау үшін көрсеткіштер.

Экологиялық салдары бар геологиялық орта бұзылуының геодинамикалық көрсеткіштері литосфераның жоғары бөлігінің қазіргі заманғы шиеленісті бұзылған жай-күйінің үдемелілік нысанында және байқалуының ауқымында ұсынылады. Бұл көрсеткіштер бұзылудың сыни жылдамдығының параметрлерімен және күтілетін

сейсмикалық әсердің ауқымымен анықталады. Егер кез келген қатты денелердің шамамен 0,0001 салыстырмалы бірлігі бұзылу шегінің мәнінен шығатын болса, онда объектілердің барлық типтері үшін геодинамикалық әсердің шекті (сыни) деңгейі ретінде ауытқыған техногендік бұзылуды бағалау кезінде қолданылатын 0,00001 салыстырмалы бірлік бұзылу шамасын пайдалануға болады. Жарылым аймақтарында қазіргі заманғы бұзылу процестерінің қеңістік-уақытты өзгеруінің белгіленген фактілерін негізге ала отырып, 0,00001 бұзылудың шекті (сыни) деңгейіне жергілікті аймақтарда 15-30 жыл ішінде қол жеткізіледі. Бұл мерзімдер ерекше жауапты объектілер және құрылыштарды пайдаланудың барынша аз мерзімдерімен өлшенеді. Олардың қызмет етуінің бұзылуы сынни экологиялық салдарға әкеліп соғады. 0,0001 салыстырмалы бірлігіндегі бұзылу деңгейі экологиялық зілзала аймақтарына жатқызуға болатын геологиялық ортаның осындай бұзушылықтарына әкеліп соғады.

Экзогендік геологиялық процестердің айқындалуы адам қызметінен тәуелсіз жүруі мүмкін. Техногендік факторлар экзогендік геологиялық процестердің айқындалуын күштейтеді немесе әлсіздендіреді. Экзогендік геологиялық процестердің табиғи даму барысына адамның ойсыз араласуы олардың апаттық белсенділігін тудыруына және табиғи ландшафттың қайтарымсыз өзгеруіне көшкіндер, селдер, карстер, жер бетінің отыруы және басқалары әкеліп соғады;

9) осы өлшемшарттарға 15-қосымшада көрсетілген жер беті экожүйелердің тозуын бағалау үшін.

Экожүйенің бұзылу дәрежесін бағалау экожүйелердің құрылымындағы және қызмет етуіндегі қолайсыз өзгерістерді анықтайтын өлшемшарттар бойынша жүргізіледі.

Төтенше экологиялық жағдай аймағындағы экожүйелердің жай-күйі топтардың біріндегі 20-50% шегінде үлес салмағының төмендеуі (немесе артуы) кезінде негізгі трофикалық топтардың қатынасындағы өзгерістермен сипатталады, бұл ретте экожүйе ішінде өзара қарым-қатынастардың бұзылуы жүреді, бірақ тозу процесі әлі қайтымсыз сипатқа ие болмайды. Экологиялық зілзала аймақтарында экожүйелердің жай-күйі трофикалық буындардың бірінің үлес салмағының 50%-дан астам төмендеуімен (немесе артуымен) сипатталады.

Аумақтың экологиялық жай-күйін бағалау кезінде қолайсыз өзгерістердің байқалу ауданы да зерттелетін аумаққа тозудың әртүрлі дәрежесін бөлудің қеңістікті бірыңғай еместігі ескеріледі (өйткені аумак участесінің тозу дәрежесі тең болған кезде, қалпына келу мүмкіндігі оның ауданына кері пропорционалды болып келеді).

Экожүйелердің тозу жылдамдығы байқаулардың 5-10 жылдық қатарымен есептеледі. Экологиялық ахуалдың нашарлауын болжау және оны тұрақтандыру және жақсарту жөнінде іс-шаралар жүргізу үшін шиеленіскең экологиялық жағдай кезінде экожүйелердің бағытталуы мен тозу жылдамдығы бағаланады;

10) осы өлшемшарттарға 16-қосымшада көрсетілген аумақтың экологиялық жай-күйінің индикаторы ретінде өсімдіктердің жай-күйін бағалау үшін.

Өсімдіктердің жай-күйін бағалау өлшемшарттары географиялық жағдайларға және экожүйелердің типтеріне байланысты айрықшаланады. Бұл ретте өсімдік жамылғысының құрылымындағы да (тамырлы қауымдастықтар ауданының кемуі, ормандылықтың өзгеруі), өсімдік қоғамдастығы мен жеке түрлердің (популяциялар) деңгейіндегі де қолайсыз өзгерістер ескеріледі: түрлік құрамның өзгеруі, қауымдасу мен доминанттар ценопопуляцияларының жастық спектрінің нашарлауы.

Түрлер-индикаторлар популяциясының тығыздығы - негізгі антропогендік факторларға жоғары сезімталдық білдіретін экожүйе жай-күйінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Антропогендік әсердің нәтижесінде қолайсыз түрлер-индикаторлар популяциясының тығыздығы төмендейді, ал он түрлер-индикаторларда - артады. Антропогендік жүктеменің шекті мәні түр-индикатор популяциясы тығыздығының 20%-ға, ал сыни мәнінің - 50%-ға төмендеуін (немесе артуын) есептеген жөн.

Ценопопуляцияның (ЦП) елеулі параметрлерінің бірі жастық аспекті - ЦП-ға әртүрлі жас жағдайындағы дарақтардың қатысу үлесі. Жас жағдайы анықтау көп қындық тудырмайтын жағдайда морфологиялық белгілер кешенінің негізінде немесе абсолюттік жас негізінде белгіленеді.

Параметр антропогендік әсерлердің әртүрлі нысандарына - тұра да (жаю, бұтау, техногендік әсер етулер), жанама түрде де - экотопты өзгерту арқылы деңгейде қояды.

Өсімдіктердің жай-күйін тіршіліктің табиғи ортасына антропогендік жүктеме деңгейінің индикаторы ретінде қарастырылады (техногендік шығарындылармен ағаштардың немесе қылқан жапырақтардың зақымдануы, жайылым өсімдіктерінің жобалық жамылғысының және өнімділігінің кемуі).

Негізгі орман құраушы түрлер сүргегінің ағаштарының кемуі қанағатсыз орман шаруашылығы қызметінің нәтижесінде орман экожүйелерінің тозу процесі туралы куәландырады.

Орман өрттері орман экожүйелерінің ауқымды аудандарының тозуына әкеліп соғатын қауіпті фактор болып табылады. Орманның қайта қалпына келуі кемінде 10 жыл ішінде жүретін ауқымды өртендер экожүйедегі қайтымсыз өзгерістердің белгісі болып табылады. Орман дақылдарының жай-күйін бағалаған кезде аумақтың өнірлік ерекшеліктері, орманның табиғи қалпына келу мүмкіндігі ескеріледі.

Агроценоз жай-күйінің кейбір өлшемшарттары аумақтың тұластай алғанда қолайсыз экологиялық жағдайы туралы куәландырады: егістерде зиянкестердің дамуы, егістердің жойылуы және басқалары. Бұл өлшемшарттарды пайдаланған кезде міндетті түрде егістердің жойылу себептерін көрсету және картада қолайсыз өзгерістердің ареалдарын көрсетіледі.

Корықтар өсімдіктерінің зақымдануы тіршілік ету ортасындағы өзгерістер туралы күеландырады. Өсімдік жамылғысының сапалы және сандық сипаттамаларының өзгеруі тек қана өсімдік қоғамдастығының табиғи жай-күйімен салыстырғанда объективті түсіндіріле алады. Бұл ретте аялық деп зерттелетін аумақта өзінің табиғи-ландшафттық сипаттамалары бойынша ұқсас салыстырмалы бұзылмаған участеклер түсініледі;

11) осы өлшемшарттарға 17-қосымшада көрсетілген аумақтың экологиялық жай-күйінің индикаторы ретінде фаунаның жай-күйін және жануарлардың гендік қорының өзгеруін бағалау үшін.

Жануарлар дүниесі жай-күйінің өлшемшарттары және көрсеткіштері зооценоз және жануарлардың жеке түрлерінің (популяциялардың) деңгейінде қарастырылады.

Тұстастай алғанда, зооценоздың жай-күйін бағалау өлшемшарты ретінде, алуантүрліліктің өзгеруін осы өлшемшарт молшылықты бағалаумен байланысты, ал көптеген жануарлардың саны циклдық өзгерістерге ұшырайтындығын ескере отырып есептеу қажет.

10 жылдық кезеңді салыстырып бағалау үшін уақытша қадамды анықтау қажет. Эртүрлілікті бағалау мына формула бойынша есептелетін Симпсон (D) өлшемшарты бойынша жүргізіледі:

$$D = 1 / P_1^2 + K + P_n^1$$

мұнда:

$P_1 * P_n$ - бірлік үшін алынған жиынтық молшылықтағы әрбір түрдің үлесі. Осы бағалауды жүргізу үшін барлық фауна бойынша деректерді пайдалану міндетті емес, олар бойынша сенімді ақпараты бар түрлердің өзіндік топтарын талдаумен шектелуге болады.

Жануарлар түрлерінің шаруашылық-манызды түрлерінің өзгеруі орташа есеппен 10 жылдық бөлік үшін абсолюттік сан бойынша деректерді пайдаланып бағаланады және статистикалық өндеуді талап етеді. Антропогендік жүктеменің түрлері-индикаторлары популяциясы тығыздығының өзгеруін бағалаған кезде олардың әсерге әртүрлі дең қоюын ескеру қажет: орнықты түрлердің популяциясы өзінің санын арттыратын, ал антропогендік жүктемеге сезімтал түрлер популяциясы оны кемітетін болады;

12) осы өлшемшарттарға 18-қосымшада көрсетілген аумақты бағалау үшін биохимиялық көрсеткіштер.

Биохимиялық түрғыдан экологиялық қолайсыз аумақтарды қоршаған табиғи ортаның құрамдас бөлігінің химиялық элементтік құрамының күрт өзгеруімен биохимиялық провинциялар ретінде қарастыруға болады. Бұл провинциялардың шығу тегі тек қана табиғи емес, техногендік де болуы мүмкін.

Аумақтың экологиялық жай-күйін бағалау үшін ортаның әртүрлі құрамдас бөліктерінде C:N, Ca:P, Ca:Sr құрамы қатынасының өзгеру көрсеткіштерін, сондай-ақ

сынама аландарынан өсімдік шабындарындағы және өсімдіктердегі уытты және биологиялық белсенді микроэлементтер құрамының деңгейін пайдалану ұсынылады.

7-тарау. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау үшін қолданылатын халық денсаулығының жай-күйін бағалауға арналған медициналық-демографиялық көрсеткіштер

20. Негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерге қоршаған ортаға әсер етуді көрсететін мыналар жатады: қоршаған ортаның ластануына байланысты ауру, бала өлімі, медициналық-генетикалық бұзылулар, ерекше және онкологиялық аурулар.

21. Экологиялық қолайсыз аумақтар бойынша медициналық-демографиялық көрсеткіштер осы климаттық-географиялық аймақтардың бақылау (аялық) аумақтарындағы ұқсас көрсеткіштермен салыстырылады. Осындай бақылау (аялық) аумақтары ретінде елді мекендер немесе олардың жеке бөліктері қабылданады, оларда өмір сүрудің ұқсас әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, қолайлы экологиялық (әлеуметтік-гигиеналық) ахуал бар, қоршаған орта сапасына әсер ететін факторлар жоқ.

